

КЕЛІСІЛДІ
ШҚО «Кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директоры А.Ақылбек
« » 2020 ж.



БЕКІТЕМІН
«Innovativ College» мекемесінің
директоры К.Т.Уразбаева
« » 2020 ж.

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай
мектеп оқушылары арасында
«Ұрпаққа сара жолын салған дана»
облыстық қашықтық Абай оқуларының
ЕРЕЖЕСІ

Өскемен, 2020

Жалпы ережелер

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылатын «Ұрпаққа сара жолын салған дана» тақырыбындағы Абай оқулары байқауына (одан әрі – Байқау) қатысу үшін ШҚО жалпы орта білім беретін мектептердің 9-10 сынып оқушылары өтінім білдіре алады.

Байқауға қатысуға үміткер оқушылар өтінім (Қосымша 1), «Абай дана, Абай дара қазақта!» атты тақырыпта ойтолғау (эссе), жаттаған өлеңдерінің тізімін (20 шығармадан кем болмауы тиіс) жазып **2020 жылғы 4 желтоқсанға дейін Altynkul_120288@mail.ru** электронды поштасына жолдаулары қажет. Байқаудың іріктеу кезеңі **2020 жылғы 7 желтоқсан күні** жабық түрде өтеді. Арнайы құрылған қазылар алқасы үздік деп танылған 20 үміткерге 2-кезеңге жолдама береді. Байқаудың **2-кезеңі 2020 жылғы 11 желтоқсан күні сағат 11.00-де** online режимінде ZOOM платформасы арқылы өтеді.

Байқау ұйымдастырушылары: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі, «Innovative College» мекемесі.

Байқау мақсаты

- оқушылардың бойына ұлы ақын Абай шығармашылығын сіңірту, Абай Құнанбаевтың өлеңдері мен қара сөздерінде айтылған ізгі де игілікті істерді түсіндіру;
- жас ұрпақтың бойына ұлы Абай Құнанбаевтың ақыл да нақыл сөздерін сіңірте отырып, бауырмалдыққа, ұлтжандылыққа, елін, жерін сүйуге, ұлттың қамын жейтұғын дарынды да ынталы жастарды тәрбиелеу, Абай Құнанбаевтың шығармалары арқылы ой-өрістерін шыңдау.

Байқау шарттары

Байқауға облыстағы барлық орта білім беретін мектептің 9-10 сынып оқушылары қатыса алады. Байқау **2 кезеңнен тұрады:**

1-кезең: «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты тақырыпта эссе жазады.

2-кезең: «Асыл сөзді издесең, Абайды оқы ерінбе!» атты кезеңде 1-кезең іріктеуінен өткен 20 үміткер өздері алдын ала ұсынған Абай Құнанбаев шығармашылығынан жаттаған шығармаларының тізімі бойынша сынға түседі.

Яғни, әділқазылар алқасы берілген тізімнен қалаған шығарманы сұрайды, соны жатқа мәнермен, мүдірмей айта білу шарт.

Бағалау талаптары:

- ✓ өздері берген тізім бойынша барлық шығарманы жатқа білуі;
- ✓ әдеби мәнердің сақталуы;
- ✓ қатысушылардың киім үлгісі;
- ✓ сөйлеу тілінің тазалығы;

✓ тақырып таңдаудағы ой тереңдігі.

Жазылған ойтолғау (эссе) немесе арнау өлеңдердің түпнұсқалығына қатаң назар аударылады. Ғаламтордан алынған ойтолғаулар автоматты түрде байқаудан шеттетіледі.

Байқау қорытындысы

Байқаудың 2-кезеңі ашық түрде өтеді және нәтижесі ашық түрде жарияланады. Жеңімпаздар ШҚО кәсіптік білім беру орталығының 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі. Сондай-ақ, әділқазылар алқасының шешімімен **«Көрермен көзайымы»**, **«Көркем сөз оқу шебері» номинацияларының иегерлері анықталады.**

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары: 8/7232/ 700-590 – Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеу бөлімі, 8 778 919 75 33 - Макаева Алтыnguль Сапарбековна, «Innovative College» мекемесінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы.

ЕСКЕРТУ!

Байқауға қатысуға үміт білдірген оқушылар ұлы ақынның кем дегенде 20 шығармасын (яғни жаттаған шығарманы толық жатқа білуі керек) жатқа білулері қажет! Байқауға қатысушылар тізімі іріктеу кезеңі арқылы анықталады. Іріктеу кезеңінде «Абай дана, Абай дара қазақта!» тақырыбында А4 форматында 1 бет көлемінде жазылған (өтініммен бірге жіберілген) ойтолғауларды арнайы құрылған әділ қазылар алқасы сараптап, үздік деп танылған 20 оқушыға келесі кезеңге жолдама береді. Келесі кезеңге жолдама алған оқушыларға немесе жетекшісіне қосымша хабар жолданады. Іріктеу кезеңінен өтпеген оқушылар байқауға ҚАТЫСТЫРЫЛМАЙДЫ!

Өтінім төмендегі кесте бойынша қабылданады

«Innovative College» мекемесінің
директоры К.Т.Уразбаеваға

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай мектеп оқушылары
арасында қашықтан ұйымдастырылған «Ұрпаққа сара жолын салған дана»
тақырыбындағы облыстық Абай оқуларына қатысуға
ӨТІНІМ

№	Білім беру мекемесі	Оқушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Жетекшісі	Байланыс телефондары

Мектеп директоры:

_____ (колы)

_____ (аты-жөні)

Өтінімге қосымша А4 форматында жазылған 1 бет көлеміндегі «Абай дана, Абай дара қазақта!» тақырыбындағы ойтолғау (эссе), сонымен қатар жаттаған шығармаларының тізімін жіберу міндетті!